

Б. Ғ. Нұрмағамбетов, ҚР ИМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының жалпы білім беретін пәндер кафедрасының доценті, социология ғылымдарының кандидаты

ТЫҢДАУШЫЛАРДЫҢ МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация. Құқық қорғау орган қызметкерлерін даярлауда тыңдаушылардың мәдени құндылықтарын қалыптастырудың маңызы зор. Осы мақсатта аталған мақалада тыңдаушылардың мәдени құндылықтарын қалыптастырудың негізгі жолдары мен мәселелері қарастырылады.

Түйін сөздер: рухани және мәдени білім беру, рухани сана және құндылық, тәрбие, мораль, адамгершілік, парасат, ұлттың мәдени құндылық және салт-дәстүр, ІІО кәсіби этикасы.

Тыңдаушылардың мәдени құндылықтарын қалыптастыру қазіргі кезде ІІМ жоғары оқу орынындағы мардымды мәселе. Тыңдаушылардың білім алуға жақын болғанымен мәдени құндылық жағынан жұпыны болып келетіндері болады. Мәдени құндылықтың қайнар көзі — тәрбие. Тәрбие сүйекке бітеді. Жас кезінде қалыптаспаған тәрбиені, мәдениетті қысқа сабақ беру үрдісінде қалыптастыру қиын. Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы деген ұлы философ Әл-Фараби. Ендеше тыңдаушыларға білім берумен қатар адамгершілікке, мәдени құндылықтарды қалыптастыруға барынша тәрбиелеген дұрыс.

Оқып, білім алу ғана ақылды болудың тәсілі деген ой — өте жаңсақ, әрі қате. Қаншама оқысаң да, неше рет жоғары оқу орнын бітірсең де, ақымақ болып жүре беруің ғажап емес. Оны біздің заманымыз айқын көрсетіп отыр. Оқығандары көп болғанмен, тоқығандары өте аз¹.

Болашақ құқық қорғау қызметкерлерін дайындауда, оларды адамгершілікке тәрбиелеген дұрыс болар. Әйтпесе, қоғамымыз моральдық, адамгершілік, парасат, руханилық жағынан дағдарысқа ұшырауда.

Сындарлы кезеңдердің талқысынан өтіп қана қоймай, осы бір тарихи дәуірлердің рухын жинақтап, мейлінше бай тәжірибе-тағылымды өз бойына сіңіре білген, өзінің сан-салалық қасиеттерімен ерекшеленетін «мәдениет» атты ұлы күштің бағзы замандардан-ақ адамзат баласының зерттеу және оқып-білу объектісіне айналғандығы ақиқат.

Қоғам мәдениеті уақыт өткен сайын түбегейлі өзгерістерге ұшырауда, ол өз құндылықтарын сын елегінен қайта өткізіп, рухани жаңғыруға даңғыл жол ашуда. Соңдықтанда болар, бүгінгі таңда енді ғана қалыптасып келе жатқан мәдениеттану ғылымының өзекті мәселелерін, әсіресе бұрынғы қалыптасқан мәдени құндылықтар жүйесін жаңа заман тұрғысынан қайта қарау қажеттілігі туындап отыр. Осы орайда кеңістік пен уақыт әлемін шенберіне сиғыза білген адамзат әлемін, оның рухани концепциясын алдыңғы қатарға қойған мәдениет саласы алдында төмендегідей бағдарлар айқындалып тұр:

- тыңдаушылардың тарихи-мәдени дамуының жалпы заңдылықтарына ғылыми тұрғыдан талдау жасай отырып, оның басты бағыттарын айқындап көрсету;

мәдениеттану ілімінің қоғамдағы орны мен рөліне баға бере отырып, мәдениеттің теңдесі жоқ тарихы және этноаймақтың феномендерін ғылыми тұрғыда жан-жақты зерттеу;

мәдениеттану ғылыми саласында қалыптасқан түрлі мектептердің ілімдерін игеру, олардың өзіндік бет-бейнесін айқындау, одан қалды үлгі боларлық мәдени құрылымдарды өзара салыстыру арқылы олардың өзіндік ерекшеліктерін ашып көрсету;

- бүгінгі таңдағы мәдениет дамуының өзекті мәселелеріне мәдениеттанулық тұрғыдан ғылыми сипаттамалар беру және олардың мәнді, мәнсіз жақтарын айқындау.

Мәдениет құндылықтарын қалыптастыруда тыңдаушыларды әлемдік мәдениеттің тарихи жетістіктерімен, адамзаттық рухани құндылықтарының дамуымен таныстыру жөнінде құқық қорғау орган қызметкерлерін болашақ заңгер тұлға ретінде тәрбиелеу.

Мәдениеттанудың білім беру жүйесіндегі негізгі міндеті тыңдаушыларды адамзат баласының мәдени жетістіктерін игеруге, мәдениеттің қалыптасуы мен дамуының әмбебаптық заңдылықтары мен негізгі түрлерін меңгеруге және әлемдік мәдениеттің інжу-маржанын өз беттерімен түсініп-білуге, кәсіби деңгейлерін одан әрі арттыруға ықпал ету.

Шынайы білім сенім мен иманнан тұрады. Шындығында нағыз білім адамгершілік қасиеттеріңіз толық болмас. Рухани болмыс мәселелерін ескермеген жағдайда істің насырға шабатындығың ғылым тарихы ХХ ғасырда дәлелдеген сияқты. Сондықтан да тыңдаушыларға руханилыққа тәрбиелейтін пәндерді баса оқыту керек².

Қазақстан Республикасы ІІМ жоғары оқу орындары тыңдаушыларына қатысты мәдени құндылықтарды қалыптастыру және өзін-өзі тәрбиелеу де мынадай анықтамасы берілді. Қазақстан Республикасы

ІІМ жоғары оқу орындары тыңдаушысының кәсіби өзін-өзі тәрбиелеуі деп маман ретінде өз тұлғасын жетілдіруге байланысты саналы жұмысты түсінеді. Яғни өзінің жеке қайталанбайтын ерекшеліктерін

ІІМ жүйесіндегі кәсіптік іс-әрекеттің талаптарына бейімдеуді, кәсіби біліктілігін ұдайы арттыруды, идеялық-адамгершілік және басқа да өз тұлғасының әлеуметтік қасиеттерін жетілдіруді айтады.

Қазақстан Республикасы ІІМ жоғары оқу орындарының қазіргі тыңдаушылары болашақ құқық қорғау қызметкерлері. Құқық қорғау органдары қызметкері тұрақты түрде қоғам мен өзінің қызметтік құрылымының адамгершілік тұрғыдан бір-біріне әсер ету саласында қызмет атқарады. Бір жағынан, ол бұл қоғамның адамгершілік-тәрбиешілік әсерін сезінеді, екінші жағынан, ол өзі азаматтарға тәрбиелік әсер етеді; егер оның заң талаптарын орындауы әлеуметтік әділеттілік ісіне қызмет етсе және оны адамдар терең адамгершілік сипатта деп сезінсе оның тәрбиелік әсері оң сипатта болады; ал егер азаматтар бұл әрекеттерді әділетсіз және адамгершілікке қарсы деп қабылдаса кері әсері тиеді. Міне, құқық қорғау органдарындағы және оларды даярлаудағы тәрбие қызметі осындай негіздерге сүйенген. Адамгершілік сипаттағы тәрбиелеудің құрамына тыңдаушыларда патриоттық және ұжымшылдық сезімдерін, әлеуметтік әділеттілік, адамдарды сыйлау сезімдерін тәрбиелеу кіреді. Сонымен қатар тыңдаушыларға ұлттық мәдени құндылықтар, ана-тілі, салт-дәстүр, намысқа тәрбиелеу де маңызды рөл атқарады³.

Қылмыспен күрес мәселелерінің тиімді шешілуі, ең әуелі, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби даярлығына, олардың білімді, мәдениетті адамдармен толықтырылуына байланысты. Осы мақсатта Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев 2013 жылдың 30 қаңтарында құқық қорғау орган қызметкерлерімен кездесу барысында ІІО қызметкерлерінің адамгершілік-рухани құндылықтар мүмкіндігімен кәсіби деңгейін арттыруын баса талап етті.

Қазақстан Республикасы ІІМ жоғары оқу орындары тыңдаушысының өзін-өзі тәрбиелеуін оның кәсіби даярлығының құрамды бөлігі деп санау керек. Өзін-өзі тәрбиелеудің саналы түрі жасөспірім шақта, мінез құлықтың негізі қалыптаса бастаған кезде пайда болады. Бұл кезеңде тыңдаушылардың дербес әрекет жасау тәжірибесі, үлкендерге ұқсау өзінің қылықтарын талдау ынтасы болады. Дегенмен, олардың еркін мінез-құлқын қалыптастыру үшін ынтасы болуы жеткіліксіз, сондықтан мектепте, отбасында жасөспірімдерді өзін-өзі тәрбиелеудің түрлері және әдістерімен таныстырып өзін-өзі тәрбиелеуге бағытталған жұмыс жүйесі ұйымдастырылуы керек. Қазақстан Республикасы ІІМ жоғары оқу орындары тыңдаушыларының өзін-өзі тәрбиелеуде өз тәртібіне сын көзбен қараудан бастап және ол үшін асқан жігерлік қажет екенін түсіну қажет. Тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіру проблемасы тар шеңберлі педагогикалық проблема емес, ол дүниетанымдық проблема, әлеуметтік-этикалық, философиялық проблема. Тыңдаушылардың өзін-өзі тәрбиелеудің мазмұны олардың өмір сүріп, дамып отырған қоғамдық тарихи жағдайларға және білім алып отырған, тәрбиеленіп отырған ортасына тәуелді болып келеді. Ең бастысы, адамгершілік тәрбиесі тәрбиеленушіде өзін-өзі жетілдіру талабын оятқан жағдайда, негізгі мақсатқа жетуді қамтамасыз етуге мүмкіндік туады.

¹ Нысанбаев Ә., Әбжанов Т. Қысқаша философия тарихы. — Алматы, 1999.

² Ғабитов Т. Ғ. Заңгер этикасы: Оқу құралы, — Алматы, 2005.

³ Тойлыбаев Б. А. Қазақстан Республикасы ІІМ жоғары оқу орындары тыңдаушыларының өзін-өзі тәрбиелеуінің педагогикалық негіздері: Автореф, дис.... канд. юрид. наук. — Алматы, 2010.

Резюме

В статье рассматриваются основные проблемы формирования культурных ценностей слушателей вузов МВД РК.

Resume

In the given article are investigated the main problems of formation of cultural values of students of HIE of the MIA of RK.